

Бектітемін  
 Мектеп директоры:  
  
 Шарипова С.С.

**Қоғам ауылшының Шәймерден Қосшығұлов атындағы ЖОБМ  
 Жалпымектептік ата-аналар жиналышын ұйымдастыру  
 жоспары**  
**2022-2023 оку жылы**

**Ата-аналар жиналышын отқізу мақсаты:** Ата-аналармен ынтымактық және өзара іс-қимылды дамыту, тұтас тәрбиеге ықпал ету үшін тиімді жүйесін дамыту.

**Міндеттері:**

1. Ата-аналар қауымымен балалар құқықтарымен занды мүдделерін корғау саласындағы заңнамалар туралы акпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
2. Ата-аналардың модениетін, әлеуметтік педагогикалық-психологиялық тұрғыдан хабардар болуын жетілдіру;
3. Мектептегі він-өзі басқару жүйесін дамыту (ата-аналар, қамкоршылық кенестер, отбасы клубы кеңестерін кеңінен тара отырыш)

**Отқізу формалары:** Талқылау дәрістері, пікірталас ой-толғау, кенестер.

**Пайдаланатын корпекті материалдар:** Акпараттық баспа жадынамалар, буклеттер, бейнематериалдар, презентациялар және т.б.

№	Отқізу формасы	Мерзімі	Қаралатын мәселелер
1	«Білім беру үрдісінे қатысушылардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі»	Акпарат, Баяндама, талқылау	<p>Тамыз</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жана 2022-2023 оку жылына мектептің дайындығы. (Шарипова С.С.)</li> <li>2. Жана 2022-2023 оку жылында оку-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы.(Макаманова Ж.К.)</li> <li>3. Мектеп формасы.</li> <li>4. Мектеп оқушыларының мінездікүлкі ережелері. Бірыңгай талаптар» (Туржанова А.Ж.)</li> <li>5. Мектептегі тамақтанудың үйымдастыру.</li> <li>6. «Мектепке жол» акциясының қорытындысы.</li> </ol>

				7. Мектептің ата-аналар комитетін, қамкоршылық кеңесінің құрамын қайта құру. (Туржинова А.Ж.)
2	“Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтын алдын алуда, бала өмірінің қауіпсіздінде мектеп пен отбасы – серіктестер.”	Талқылау дәрістері, презентация бейнеролик тер көрсетілімі	Казан	1.1 токсан бойынша оқу-тәрбие жұмысының корытындысы 2. Баяндама: «Тұлғаның отбасында әлеуметтенуі» баяндама. (Карчигатова А.С.) 3. Жыныстық тәрбие, құқық бұзушылықтың алдын алу жөне бала өмірінің қауіпсіздігі. 4. Мектептің психологиялық қызмет жұмысымен таныстыру. 5. Әртүрлі мәселелер.
3	Бала-біздің болашағымыз	Акпарат, кеңестер, тақылау ,	Желтоқсан	1. II токсан бойынша оқу-тәрбие жұмысының корытындысы. 2. Баяндама: «Мектеп пен ата-ананың бала тәрбисіндегі ынтымақтастыры» (Касенова Г.Ж.) 3. «Жасөспірім жастар жайлы ата-аналар не білу керек?» психологиялық ағарту жұмысы. (Нуралина Ф.А.) 4. Балалардың қыс мезгіліндегі қауіпсіздігі. (Алпыснаева В.Б.) 5. Оқушылардың қысқы демалысын үйімдастыру. 6. Әртүрлі.
4	Отбасы және мектеп бір бағыттагы қозқарас	Баяндама, талқылау дәрістері	Наурыз	1. III токсан бойынша оқу-тәрбие жұмысының корытындысы. 2. «Жасөспірімнің жауына» айналмас үшін онымен қарым-қатынасының қандай болу керек» психологиялық ағарту жұмысы. (Нуршина Ф.А.) 3. Балалардың интегристке тәуелділік. Қауіпті ойындар. 4. Электронды сигареттің қауіпі. 4. Оқушылардың көктемті демалысын үйімдастыру. 5. Әртүрлі.

5	Жазты демалыс кезінде балалардың тіршілік қауіпсіздігін бақылауды қамтамасыз ету	Баяндама, кеңестер беру, жаднамалар	Мамыр	<p>1. 4 тоқсанның корытындысы. 2022/2023 оку жылының корытындысы.</p> <p>2. «Отбасы махаббаты неге?» тренинг (Пуралина Ф.А.)</p> <p>2. «Корытынды емтихандарды тапсыру кезеңінде IX, XI сынып оқушыларына ата -аналық қолдау»</p> <p>3. Қауіпсіз демалыс</p> <p>4. Окушылардың жазғы демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын үйымдастыру. Мектептегі лагерь жұмысы.</p> <p>4. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы. «Мектешпен отбасының қарым-катаңасы» Нурабаева Л.К.</p> <p>5. Әр түрлі</p>
---	--	-------------------------------------	-------	---

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасы:

Туржанова А.Ж.

**«Қоғам ауылдарын Шәймерден Қосшыгулов атындағы ЖОБМ» КММ  
Жалпы мектептік ата-аналар жиналышсының  
№ 1 хаттамасы**

Күні: 22.08.2022ж.

Катыскан: 26 ата-ана

Катыспаған: 3

Күн тәртібінде:

1. Жаңа 2022-2023 оку жылына мектептің дайындығы. (*Шарипова С.С.*)
2. Жаңа 2022-2023 оку жылында оқу-тәрбие процессін үйымдастырудың ерекшеліктері туралы. (*Макажанова Ж.К.*)
3. Мектеп формасы.
4. Мектеп оқушыларының мінез-құлқы ережелері. Бірынғай талаптар» (*Туржанова А.Ж.*)
5. Мектептегі тамақтандыруды үйымдастыру.
6. «Мектепке жол» акциясының қорытындысы.
6. Мектептің ата-аналар комитетін, камкоршылық кеңесінің құрамын қайта қуру. (*Туржанова А.Ж.*)

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры С.С.Шарипова сөз алды. Мектеп директоры ата-аналарды жана оқу жылышың басталуымен құттықтап, жана оқу жылышың басталуына мектептің дайындығы туралы айтты отті. Жаз мезгілінде мектептің барлық сыйып бөлмөлөрі, спортзал, асхана және II кабатта ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілгені және мектеп оқушылары жана оқу жылышына 100% оқулыктармен камтылғаны туралы айтты.

Екінші мәселе бойынша директордың оқу ісі бойынша орынбасары Ж.К.Макажанова ата-аналарды жаңа 2022-2023 оку жылышында оқу-тәрбие процессін үйымдастырудың ерекшеліктері оқу жылышың ұзақтығы 1-сыныптарда-35 апта, 2-11 сыныптарда-36 оқу аптасын құрайды және сонғы қоңырау 2023 жылышың 1 маусымы күні өтеді. 1-сыннан «Әліппес» және «Ана тілі» пәндері оқытылады. «Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды, «Көркем енбек» пәні «Еңбекке бауду» және «Бейнелеу енері» болып екі пәнге бөліндігі туралы айтты отті.

Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ж.Туржанова ата-аналарға 2021-2022 оқу жылышының соңғы мамыр айындағы ата-аналар жиналышсында оқушылардың жаңа оқу жылышына мектеп формасы туралы мәселе козғалып, ата-аналар қыздар үшін ақ жейде (блузка) кара немесе кою көк түсті юбка, ұйдар ақ жейде кою кок түсті костю-шалбар кисін деген шешімге

тоқталған. Қамқоршылық кенесінің шешімі бойынша 2022-2023 оку жылындағы окушылардың мектеп формасы қыздар үшін: ақ блузка, кара юбка, ұлдарға ақ жейде, кара немесе қою көк түсті костюм- шалбар киетін болып бекітілгенін жеткізді.

Тортінші мәселе бойынша А.Ж. Туржанова ата-аналарды мектеп окушыларының мінез-құлқы срежелері мен окушыларға койылатын бірынғай талаптар туралы мектеп кодексімен таныстырды. Мектеп асханасында «Жаппай біліммен қамту» корынан тегін ыстық тамакпен қамтылған 18 окушының тізімін таныстырды, сонымен қатар I сыныпқа келетін 2 окушы да тегін ыстық тамакпен қамтылатынын айтты.

Алтыншы мәселе бойынша тәрбие ісінің менгерушісі Туржанова А.Ж. сез сойледі. «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру бойынша жоспар құрылып, бекітілді. «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру мен откізу жөніндегі бұйрықпен және жұмыс жоспарымен мектеп ұжымы таныстырылды. Жоспарға сәйкес «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы туралы ақшараттар аймактық дүкендерге, ата-апалар қауымдастығына, демеушілерге таратылды. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатымен (рейдтер) ұйымдастырылды. Мектеп ұжымы мен ата-аналар қауымдастығы бірігіп, аулалардан 0-18 жасқа дейінгі балалардың тізімін жинақтап, біліммен қамтылмаған балалар мен жасөсірімдерді және мектепке алғаш баратын көп балалы, тұрмысы төмен жапуядагы, ата-апанын қамқорлығының қалған балалар аныктады. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатымен ұйымдастырылды түнгі рейдтер бойынша, күн режиміне бағынбайтын окушылар аныкталған жоқ.

Биылғы жылы мектеп табалдырығын алғаш аттаган I сынып окушылары ішінде көп балалы, тұрмысы төмен жануядагы, ата-апаның қамқорлығының қалған балалар жоқ. Соған қарамастан мекутебіміздің тұрақты демеушісі «Шариповтар» жеке шаруа қожалығының басшысы К.Р.Шарипов I сынып окушылары Байсарин Алижан мен Имирова Мубаракка 40000 теңге колемінде (әрқайсысына 20000 теңгеден) мектеп формалары мен оқу күралдарын сыйға тартты. «Жаппай біліммен қамту» корынан көмекке лайық деп танылған мектебіміздің 18 окушысына аудандық білім белімі жаппай біліммен қамту корынан әр окушына 40000 теңге колеміндей каржылай көмек көрсетілген туралы айтты.

Жетінші мәселе бойынша А.Ж.Туржанова 2021-2022 оку жылындағы камкенесінің мүшелерінің копшілігінің балалары мектеп бітіріп кетуіне байланысты, 2022-2023 оку жылына қамкоршылық кеңесінің мүшелерін кайта құру мәселесін көтерді, ата-аналар мәселені талқыштай келе, А.С.Абикенова, А.С.Калиева, Б.К.Газизова, А.Д. Джумабекована қамқоршылық кеңесінің мүшелі іне ұсынды.

Шешім:

1. Мектептің жаңа 2022-2023 оқу жылына дайындығы қанагаттанарлық деп танылсын.
2. 2022-2023 оқу жылына мектеп формасы қыздар үшін: ақ блузка, қара юбка, ұлдарға ақ жейде, қара немесе кою көк түсті костюм- шалбар киетін болып бекітілсін.
3. Мектептің 2022-2023 оқу жылына қамкоршылық кенесінің мүшелері жаңа күрамда бекітілсін.
  1. Абикенова Г.К.
  2. Федоренко С.В.
  3. Ташмаганбетова А.К.
  4. Абикенова А.С.
  5. Газизова Б.К.
  6. Джумабекова А.Д.
  7. Шарипова Б.Ж.
  8. Калиева А.С.
  9. Шарипов К.Р.

Жиналтыс тәрағасы::

*Туржанова А.Ж.* Туржанова А.Ж.

Хатшы:

*Касенова Г.К.* Касенова Г.К.

**«Көгам ауылшының Шәймерден Қосшығұлов атындағы ЖОБЕМ» КММ  
Жалпы мектептік ата-аналар жиналышсынын  
№ 2 хаттамасы**

Күні: 31.10.2022ж.

Қатысқан: 28 ата-ана

Қатыспаған: 1

Күн тәртібінде:

1. I тоқсан бойынша оку-тәрбие жұмысының корытындысы
2. Баяндама: «Тұлғаның отбасында әлеуметтенеуі» баяндама. (*Карчиганова А.С.*)
3. Жыныстық тәрбие, күкік бұзушылықтың алдын алу және бала өмірінің қауіпсіздігі.
4. Мектептегі психологиялық қызмет жұмысымен таныстыру.
5. Әртүрлі мәсслелер.

Тындалды:

1. Мектеп директорының міндеттін атқарушы Ж.К.Макажанова ата-аналарды I тоқсаның аяқталуымен күттүктап, ата-аналарды I тоқсанның оку сапасы мен үлгерімі корытындысымен таныстыруды.

Жалпы I тоқсан бойынша білім сапасы 75%, оку үлгерімі 76,26 % құрайды. 1 сынып окушыларының білім жетістігі бағаланбайды. Сыныптар бойынша токталсак,

2-сыныпта жалпы 3 окушы бар, оның ішінде 1 үздік окушы- Қанаш Р.,

3-сыныпта жалпы 6 окушы, оның ішінде 4 үздік окушы- Жұматов Б., Ирап Э., Қали М., Манап Ж.

4-сыныпта жалпы 4 окушы, оның ішінде 3 үздік окушы- Кошенбай А., Қанаш А., Нұрлан Б.

5-сыныпта жалпы 7 окушы, оның ішінде 5 үздік окушы- Касенова Н., Мұханнедия Е., Нұралы Н., Смагұл Н., Шәріп Г.

6-сыныпта жалпы 5 окушы, оның ішінде 3 үздік окушы- Амангелді С., Жиембай М., Зейнелгабиден С.

7-сыныпта жалпы 3 окушы, оның ішінде үздік окушы жок.

8-сыныпта жалпы 4 окушы, оның ішінде 1 үздік окушы- Шәріп Қ.

9-сыныпта жалпы 4 окушы, оның ішінде 3 үздік окушы- Жаксылых Ә., Зейнелгабиден М., Манап Г.

10-сыныпта жалпы 4 окушы, оның ішінде 2 үздік окушы- Манап А., Қанаш Д.

11-сыныпта жалпы 7 окушы, оның ішінде 2 үздік окушы- Мұрат А., Түенова Н.

Тәрбие ісінің менгерушісі А.Ж. Туржанова ата-аналарды мектепте өткізілген іс-шаралар туралы айтып, оқушылардың аудан, облыс колемінде қатысқан конкурс, байқаулардан алған жетістіктерімен күттүктады.

2. Биология шәнінің мұгалімі, 5-сыныптың сынып жетекшісі Карчиганова А.С. «Гүлганиң отбасында әлеуметтенуі» тақырыбында ата-аналар алдында баяндама оқыды.

3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ж.Туржанова ата-аналарға «Жыныстық тәрбие. Ете жүктіліктің алдын алу» тақырыбында презентация көрсетілімі арқылы ерте жүктілік дегеніміз не?, ерте жүктілік немен қауіпті, балалармен жыныстық катынас туралы сұраптарды талқылауда сактау керек карапайым ережелер туралы ата-аналарға ақпараттар мен кеңестер берді.

А.Ж. Туржанова : « Қазіргі қоғамдағы ең маңызды мәселелерінің бірі – бұл жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың көбеюі. Осындағы жағдайлардың алдын алу үшін балалармыздың бойына ата-ана мен мектеп болып бірлесе, дұрыс құқықтық тәрбие мен құқықтық білім беруіміз керек,» - дей келе, ата-аналарды бала құқыктары мен міндеттері белгіленген заңлармен таныстырыды. Әрбір құқық бұзушылық баланың өз еркімен күн режиміне бағынбай, бос журуінен болады. Отбасы — адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды онегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сактаулысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, коршаған оргамен танысын, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың, азамат болып өсуінің негізі болып табылады. Тек қана ата- аналармен біріге, жалпы күш- жігерді біріктіру арқасында, мұгалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін. Сондыктan бала тәрбиесінде, баланың құқықтық білімін арттыруға бірлесе ат салысайық»- деп сөзін аяқтады.

9 сыныптың сынып жетекшісі Г.Ж.Касенова ата-аналарды баланың күз мезгіліндегі қауіпсіздігі туралы слайд корсету арқылы нұсқаулықтарымен таныстырыды.

4. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ж.Туржанова ата-аналарды мектептегі психологиялық қызмет жұмысының мақсаты, ерекшеліктері мен маңызы туралы түсіндіріп, жылдық жоспарымен таныстырыды.

5-мәселе бойынша мектеп пен ата-аналар арасындағы түрлі мәселелер талқыланды.

Шешім:

1. 1 тоқсан бойынша оқу-тәрбие жұмысы қанағаттанарлық дең танылсын,
2. Мектептегі психологиялық қызмет жұмысы жаңдаңдырылсын.

Жиналыс торағасы:  Түржанова А.Ж.  
Хатшы:  Касенова Г.К.

**«Коғам ауылшының Шәймерлең Кошыгулов атындағы ЖОББМ» КММ  
Жалпы мектептік ата-аналар жиналысының  
№ 3 хаттамасы**

Күні: 30.12.2022ж.

Катысқан: 24 ата-ана

Катыслаган: 5

Күн тәртібінде:

1. II тоқсан бойынша оку-тәрбие жұмысының корытындысы.
2. Баяндама: «Мектеп пен ата-ананың бала тәрбиесіндегі ынтымдастыры»  
(Касенова Г.Ж.)
3. «Жасөсірім жастар жайлы ата-аналар не білу керек?» дәріс (Нуралина Ф.А.)
4. Балалардың қыс мезгіліндегі қауісіздігі. (Алышпаева В.Б.)
5. Оқушылардың қысқы демалысын үйымдастыру.
6. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Мектеп директорының міндетін аткарушы Ж.К.Макажаева ата-аналарды 1 тоқсаның аяқталуымен, жана-жыл мерекесімен күттүктап, ата-аналарды II тоқсаның оку сапасы мен үлгерімі корытындысымен таныстыруды. Жалпы II тоқсан бойынша білім сапасы 78,72%, оку үлгерімі 74,96 % күрайды.  
1 сынып оқушыларының білім жетістігі бағаланбайды. Сыныптар бойынша тоқталсақ, 2-сыныпта жалпы 3 оқушы бар, оның ішінде 2 үздік оқушы- Қанағаш Р., Мәжіт Б.,  
3-сыныпта жайлы 6 оқушы, оның ішінде 4 үздік оқушы- Жұматов Б., Ираи Ә., Қали М., Манағұл Ж.  
4-сыныпта жалпы 4 оқушы, оның ішінде 3 үздік оқушы- Кошенбай А., Қанағаш А., Нұрлан Б.  
5-сыныпта жалпы 7 оқушы, оның ішінде 4 үздік оқушы- Касенова Н., Мұханмедия Е., Нұрлата Н., Смағұл Н.  
6-сыныпта жалпы 5 оқушы, оның ішінде үздік оқушы жок.  
7-сыныпта жалпы 3 оқушы, оның ішінде үздік оқушы жок.  
8-сыныпта жалпы 4 оқушы, оның ішінде 1 үздік оқушы- Шәріп К.  
9-сыныпта жалпы 4 оқушы, оның ішінде 3 үздік оқушы- Жақсылық Ә.,  
Зейнелғабиден М., Манағұл Г.  
10-сыныпта жалпы 4 оқушы, оның ішінде 2 үздік оқушы-Манағұл А., Қанағаш Д.  
11-сыныпта жалпы 7 оқушы, оның ішінде 2 үздік оқушы- Мұрат А., Түенова Н.  
Тәрбие ісінің менгерушісі А.Ж. Туржанова ата-аналарды мектепте еткізілген іс-шаралар туралы айтып, оқушылардың аудан, облыс көлемінде катысқан конкурс, байқаулардан, аудандық олимпиададан алған жетістіктерімен құттықтады.

2. 9-сыныптың салып жетекшісі Касенова Г.Ж. : «Мектеп пен ата-ананың бала тәрбиесіндегі мәнтымактастыры» тақырыбында ата-аналар алдында баяндама оқыды.

3. Мектептің педагог-психологи Ф.А.Нуралина ата-аналармен «Жасосспірім жастар жайлар ата-аналар не білу керек?» тақырыбында психологиялық агару жұмысын өткізді. Ата-аналарға жағдаятты сұраптар қоя отырып, түрлі кеңестер берді.

4. Тарих пәнінің мұғалімі, 5-сыныптың салып жетекшісі В.Б.Алышпаева ата-аналарға бала өмірінің қауіпсіздігі туралы қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыруды.


5. Тәрбие ісінің менгерушісі А.Ж.Туржанова оқушылардың қыскы демалыс уақытын үйымдастыру бойынша ата-аналарды оқушылармен қыскы каникул уақытында жүргізілстіп іс-шаралар жоспарымен таныстыруды.

6-мәселе бойынша ата-аналар мектеп экімшілігіне өздерін толғандырган сұраптарын қойып, қанағаттанарлық жауаптарын алды.

#### Шешім:

1. Мектеп оқушыларының оқу үлгерімі мен тәртібі қанағаттанарлық.

2. Қыскы демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын ата-аналар жіті бақыласын.

Жиналыс торағасы:  Туржанова А.Ж.  
Хатшы:  Касенова Г.К.

**Коғам ауыльның Шәймерден Қосшыгұлов атындағы ЖОББМ**  
**Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналышының**  
**№ 4 хаттамасы**

Күні: 17 наурыз 2023ж

Катыскандар: 25

Катыспағандар: 4

**Күн тәртібінде :**

1. III тоқсан бойынша оку-тәрбие жұмысының корытындысы.
2. «Жасөспірімнің жауына» айналмас үшін онымен қарым-қатынасының қандай болу керек» психологиялық ағарту жұмысы. (Нуралина Ф.А.)
3. Балатардың интернетке тәуелділігі. Қауіпті ойындар. Электронды сигареттің қауіпі.
4. Оқушылардың көктемің демалысын ұйымдастыру.
5. Әр түрлі.

**Тындалды:**

1 мәселе бойынша оку ісінің менгерушісі Макажанова Жанар Кайлановна ата-аналарды III тоқсан қорытындысы бойынша оқуныштардың оку үлгерімі, оку сапасымен таныстырыды. Жалпы III тоқсан бойынша оку сапасы 78,26% құрайтыны және ол жаксы көрсеткіш екенін айтты. Сондай-ақ, ата-аналарды III тоқсанда откен олимпиадаларға оқушыларымыз катысып, жеткен жетістіктерімен белісіп ата-аналарды құттықтады. Ата-аналарды 9,11-сыныптардың мемлекеттік емтихандары мен 11 сынып оқушыларының ҰБТ-ге дайындықтары туралы таныстырып етті.

Тәрбие ісінің менгерушісі Туржанова А.Ж. ата-аналарды III тоқсанда ұйымдастырылып, откізілген іс-шаралармен, оқушылардың катысаш түрлі байқауларымен, жарыстарымен таныстырыш, балалардың, мектебіміздің аудандық, облыстық көзөндөрде жеткен жетістіктерін презентация арқылы корсетіп, балаларға жағдай жасап, колдау көрсетіп жаткандары үшін ата-аналарға алғысын білдірді.

2. Мектебіміздің педагог-психологи Ф.А. Нуралина ата-аналармен «Жасөспірімнің жауына» айналмас үшін онымен қарым-қатынасының қандай болу керек?» тақырыбында психологиялық ағарту жұмысын жүргізді. Слайд көрсетіп, ата-аналарға коптеген кеңестер беріп, ата-аналармен бірнеше жаттығулар жасады.

3-мәселе бойынша тәрбие ісінің менгерушісі А.Ж. Туржанова ата-аналармен бүтінгі таңдағы откір мәселелердің бірі балалардың интернетке тәуелділігі туралы әнгіме көзгады. Ата-аналары жұмыс басты болғандықтан, немесе баланы тәрбиелуге ынталасы жоктығының себебінен, бала тәрбиесін ғаламторға қалдырады. Бұл баланың

денсаулығына, баланың психологиялық тұрғыдан дамуына, оның өміріне, болашағына оте қауіпті екендігі туралы айтты. Сонымен катар соңы жылдары жасөспірімдермен өлім топтары деп аталатын көптеген бала өміріне қауіп тондіретін онлайн ойындар пайда болғаны жайында, солардың бірі «Кек кит», «Жұтір немес ол» т.б. қауіпті ойындардың шарттарын көрсетіп, ата-аналарға бала өмірі үшін сак болуларын ескертіп, балаларыңыздың ұялы телефондарына ата-ана бақылауды орнатуды ұсынды.

Бұгінде жасөспірімдердің көптеп еліктеп кеткен зиянды әдеттердің бірі электронды сигарет туралы да айтты. Ата-аналарға электронды темекі не береді және бұл құрылғының зияны қандай екені туралы презентация көрсетілімі арқылы ақиараттар берді.

4 мәселе бойынша Туржанова А.Ж. балалардың амандығы және қауіпсіздігінің алдын алу үшін қауіп-катер жөнінде балалардың есіне салу, үйрету ата-ананың міндетті екенін айтты. Коктемде балалардың ойын орындарын бақылауды күшету керек. Осы кезеңде балалар су коймаларына бармауы керек. Терең камбалар мен шүңқырлар өмірге өте қауіпті, олар әрдайым қоршалмайды және ескерту белгілері мен белгілене бермейді. Соңықтан балаларға коктемгі кезеңде шалтай су айдындарын анығу; сен жүру кезеңінде озен арқылы өтуге; мұз кептелісі болған жерлерде озенге жакындауға, бұзылып, құлайын деп түрған тік жағалауда тұруға; көп ірlerде, бөгеттерде және бөгсулерде жиналуға; мұз кептелісіне жакындауға, жағадан мұзды итеруге, өзсінің немесе кез-келген су қоймасының терендігі нол шеуге, мұзбен жүруге және оларға мінуге (балалар бірінші суда жүзу үшін барлық езгермелі құралдар мен иесіз кайыктарды сирек пайдаланады) қатан түрде тыйым салыңыздар! Балаларды сресектердің қадағалау ыңсыз озенге жіберменіз, әсіресе сен жүру кезінде оларды озен немесе көлді ашу кезінде мұзда болу қаупі туралы ескертініздер. Естерінізде болсын, су тасқыны кезінде, тіпті мұз аз болса да, жазатайым оқиғалар кобінесе балалармен болалы. Балаларға су тасқыны кезіндегі жүріс-тұрыс ережелерін түсіндірініз, оларға су жанында тентектік жасауга тыйым салыныз, желігүден сактаныңыз. Колдан жасалған салдарға, такталарға, бөренелерге немесе құбылмалы мұзға мінуге жол бермениз. Жарылған мұз, сұық су, судың жылдам ағысы қаза болу қаупін тондіреді. Балаларға сен жүру және коктемгі су тасқыны кезіндегі сактық шараларын түсіндірініздер,- деп ескертулер жасады.

Сонымен қатар, ата-аналарды окушылардың көтемгі демалысын ұйымдастыру жоспарымен тапыстырыды.

Шешім:

1. Мектеп окушыларының оку үлгерімі қанагаттанарлық.
2. Көтемгі демалыс кезінде окушылардың бос уақытын ата-аналар жіті бақыласын.

Жиналыс торайымы:  А.Ж.Туржанова  
Хатшысы:  Г.Ж.Касенова

**«Көгам ауылдының Шәймерден Қосшығолов атындағы ЖОББМ» КММ  
Жалпы мектептік ата-аналар жиналышының  
№ 5 хаттамасы**

Күні: 26.05.2023ж.

Қатысқан: 26 ата-ана

Қатыспаған: 3

**Күн тәртібінде:**

1. 4 тоқсанның корытындысы.
2. «Отбасы махаббаты неде?» тренинг (Нуралина Ф.А.)
3. «Корытынды емтихандарды тансыру кезеңінде IX, XI сынып окушыларына ата - аналық қолдау» Баяндама
4. Кауіпсіз демалыс. (Балалардың өмір кауіпсіздігі туралы нұсқаулық)
5. Окушылардың жазғы демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын үйымдастыру. Мектептегі лагерь жұмысы.

**Тындалды:**

1-мәселе бойынша: Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары Ж.К.Макажанова ата-аналарды IV тоқсанның оку сапасы мен үлгерімі корытындысымен таныстыруды.

Жалпы IV тоқсан бойынша білім сапасы 76,09%, оку үлгерімі 75,36 % құрайды. 1 сынып окушыларының білім жетістігі бағаланбайды. Сыныптар бойынша тоқталсак, 2-сыныпта жалпы 3 окушы бар, оның ішінде 2 үздік окушы- Қанаш Р., Мәжіт Б.. 3-сыныпта жалпы 6 окушы, оның ішінде 4 үздік окушы- Жұматов Б., Иран Э., Қали М., Манағ Ж.

4-сыныпта жалпы 4 окушы, оның ішінде 3 үздік окушы- Кошенбай А., Қанаш А., Нұрлан Б.

5-сыныпта жалпы 7 окушы, оның ішінде 5 үздік окушы- Касенова Н., Мұханмедия Е., Нұралы Н., Смагұл Н., Шәріп Г.

6-сыныпта жалпы 5 окушы, оның ішінде 1 үздік окушы- Амангелді С.

7-сыныпта жалпы 3 окушы, оның ішінде үздік окушы жок.

8-сыныпта жалпы 4 окушы, оның ішінде 1 үздік окушы- Шәріп К.

9-сыныпта жалпы 4 окушы, оның ішінде 3 үздік окушы- Жаксылыхан Ә., Зейнелгабиден М., Манағ Г.

10-сыныпта жалпы 4 окушы, оның ішінде 2 үздік окушы- Манағ А., Қанаш Д.

11-сыныпта жалпы 7 окушы, оның ішінде 2 үздік окушы- Мұрат А., Тукенова Н.

2-мәселе бойынша: Мектебіміздің педагог-психологы Нуралина Ф.А. ата-аналармен «Отбасы махаббаты неде?» тақырыбында психологиялық тренинг

өткізді. Тренинг барысында тәрбиенің ең тамашасы отбасы, ата-ананың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін түсіндірді.


3-мәселе бойынша: «Қорытынды емтихандарды тапсыру кезеңінде IX, XI сынып оқушыларына ата -аналық қолдау» тақырыбында 11 сынып сынып жетекшісі Е.Бихмет баяндама оқыды.

4-мәселе бойынша: Тәрбие ісінің мәнгерушісі қызметінде уакытша жүрген ага тәлімгер Асхар Е. Ата-аналарды жазғы демалыс кезіндегі балалардың өмір қауіпсіздігі нұсқаулықтарымен таныстырыды. Күн сайын еліміздің қалаларында, ауылдарында автокөліктер саны өсken сайын жол апаттары да арта түсіде. Жол колік оқиғалары жөніндегі деректерге зер салсак, қалалық жерлерде жаяу жүргіншілердің кінесін болатын оқыс оқиғалар саны едәуір коп. Сонымен қатар жазғы демалыс кезінде баларымыздың өмір қауіпсіздігін тілсіз жау, өрттен, суға түсіу т. б. жағдайтардан мұкият болу керектігін айтып, ата-аналарды жаз мезгілінде судағы қауіпсіздік ережелері, жолда журу ережелері, өрт қауіпсіздік ережелері нұсқаулықтарымен таныстырып, ата-ана баласына мектепке, кошеге, дүкенге баарда үнемі кандай жағдайларды ескеріп отыру керек екенін түсіндірді. Ата-анага балаларыңызды жолда караусыз қалдырмаңыз, су айдындарына үлкендерсіз жіберменіздер, Балаларға суға түсу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіріңіздер, суда тентектік жасауга тиым салыныздар. Балаларды судағы қауіпті жағдайлардан коргау әрбір ата – ананың міндетті екенін ескерді.

Ата-аналарға балалардың өмір қауіпсіздігі ережелері жаднамасы таратылып, жаз мезгілінде баланың өмірінің қауіпсіздігін ата-ана өз жауапкершілігінс алғын таурали қол хаттар алынды.

4- мәселе бойынша аға тәлімгер Асхар Е. 2022-2023 оку жылында балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру мен сауықтыруға арналған мектеп жаңындағы «Оқытадыз» лагерінің жоспарымен, оқушылардың ауысымдар бойынша лагерьге келу графигімен таныстырыды. Сонымен қатар «Жаппай біліммен каму» корынан көмек алғын оқушыларды кала сыртындағы сауықтыру лагерлеріне аудандық білім бөлімінен жіберілген жомдама арқылы балаларын ата-аналар дайындаған, айтылған уақытта жіберулерін сұрады.

Жиналыс тәрайымы:  Асхар Е.

Хатшысы:  Абикенова Г.К.